«6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған Сагинаева Айнагуль Нургалиевнаның «VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензент т.ғ.д., профессор Қайыркен Тұрсынхан Законұлының Пікірі

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүгінгі Қазақстан аумағын орта ғасырларда қоныстанған түркі тілдес халықтар тарихи дамудың әр түрлі кезеңінде ру-тайпалық құрамы, дүниетанымы, мәдениеті және т.б. жағынанан өзгерістерге ұшырап отырған. Этникалық қауымның өзгеруі немесе этникалық үдерістер адамзаттың саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуымен бірге жүріп, бір-бірімен тығыз байланысты болады. Сонымен қатар, халықтың этникалық тарихы онымен көрші халықтар тарихымен тығыз байланыста, өзара ықпалдастықта дамиды. Сондықтан да А.Н. Сагинаеваның «VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» атты докторлық диссертациясының ізденіс тақырыбы сондай маңызды, өзекті тақырыпқа арналғандығы құптарлық. Оның үстіне зерттеу нысанына алынған тақырыпты ізденушінің пәнаралық тұрғыда және деректер кешенін салыстырмалы талдау негізінде тұжырымдауы диссертацияның құндылығын арттырып отыр.

Диссертациялық жұмыс VIII - XIII ғғ. қоман-қыпшақтарының батысқа қоныс аударуы барысында Ұлы дала аумағы мен оған іргелес аймақтардағы және Шығыс Еуропа территориясын қоныстанған көшпелі және отырықшы халықтармен қарым-қатынасын, ықпалдастық мәселелерін қарастыруға арналған. Ізденіс барысында қоман-қыпшақтарының бастапқы қоныстану ареалын деректер кешенін салыстыра отырып анықтаған, соған сәйкес Солтүстік Алтай өңірінде болғанын атап көрсеткен. Сондай-ақ, «қоман», «половцы» және «қыпшақ» атауларын сәйкестендіру мәселесіне байланысты ғылыми еңбектердегі этникалық қатыстылықты анықтауға байланысты зерттеу жұмысын жасағаны да көрініп тұр.

Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламаларымен астасып жатыр және бүгінгі тарих ғылымының сұранысына жауап беретін зерттеулер қатарынан табылатындығы байқалады.

Осы тұрғыдан алғанда қорғауға ұсынылып отырған А.Н. Сагинаеваның «VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» атты зерттеу жұмысының тақырыбы өзекті де маңызды болып табылады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұратын зерттеу жұмысы докторлық (PhD) диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған мазмұнды зерттеу. Диссертацияда зерттелген VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары тарих ғылымында осы күнге дейін кешенді ғылыми зерттеу ретінде алып қарастырылмаған. Сондықтан докторанттың диссертацияда қарастырған мәселелері теориялық және практикалық жағынан бүгінгі тарих ғылымына, қазақ қоғамына қажет, өзекті зерттеу болып отыр. Осы өзекті мәселеге докторанттың пәнаралық тұрғыда, деректер кешенін талдау арқылы келуі, диссертациялық жұмысты ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай жазып шығуы, бұл диссертант А.Н. Сагинаеваның тарих ғылымына қосқан жеке үлесі болып табылады. Ізденуші зерттеу жұмысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1-нәтиже. Қоман-қыпшақтарының Еуразияның далалық аймағындағы ерте ортағасырлық этно-тарихи үдерістердегі орны мен рөлін пәнаралық байланыстар тұрғысы және салыстырмалық талдау әдістері бойынша анықтаған.

2-нәтиже. Этникалық топтардың арасындағы байланыстар заңдылығы бойынша теориялық ұстанымдарды талдау негізінде қоман-қыпшақтарының батыс бағытындағы қоныс аударуының себебін анықтап, қоныстанған аумақтарын нақтыланған.

3-нәтиже. Деректер кешенін салыстыра талдау негізінде Еділ-Орал аумағындағы қыпшақ тілді халықтар – башқұрт және қыпшақ-бұлғар қауымдастығының этникалық келбетінің қалыптасуына қоман-қыпшақтарының ықпалы болғанын анықтап берген.

4-нәтиже. Тақырып көлемінде ғылыми зерттеулер мен деректер кешенін талдау негізінде қоман-қыпшақтарының Солтүстік Кавказ халықтарымен (алан, адыгей, қарашай, балқар, қарайым, құмық) этно-генетикалық және этно-мәдени байланыстары болғаны негізделген.

5-нәтиже. Қоман-қыпшақтарының Киев Русі тарихындағы саяси және мәдени ықпалы туралы ұстаным дәйектелген.

6-нәтиже. Оңтүстік Орал жерлерін қоныстанған кезеңі және XII ғасырларда Венгрия Королдігі аумағына қоныс аударған уақытындағы қоман-қыпшақтарының венгрлермен қарым-қатынасының бастаулары, ықпалдастық негіздері анықталған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

1-нәтиже. Ізденушінің диссертациялық жұмысында тұжырымдалған нәтижелерінің шынайылығы зерттеуде этностың рухани дамуы мен артта қалуының мәнін ашуда оның ішкі құрылымындағы әлеуметтік, генетикалық, рухани-материалдық қайшылықтарға мән беріп, тарихи кезеңдерде этникалық қауымдастықтардың қоныс аударуы нәтижесінде олардың іштей шоғырлану үдерісін бастан өткеретіндігімен негізделген. Өзінің табиғи-тарихи негізін сақтап қалған халықтың бірегейлігі - әлеуметтік, генетикалық, рухани және материалдық мәдениетінің тұтастығы негізінде анықталатындығын және соған

сәйкес жаңа жерлерге қоныстанғанына қарамастан қоман-қыпшақтарының этникалық бірегейлігін сақтап қалғанын шынайы негіздеген.

2-нәтиже. Ізденуші, қоман-қыпшақтарының тұрмысы негізінен көшпелі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан олардың климат жағдайларына, табиғи апаттарға тәуелді болғанын, соған байланысты жайылымдық жерлер үшін туындап отыратын қақтығыстар және т.б. құбылыстарға байланысты бірнеше рет қоныстану аумағын өзгертуге мәжбүр болғандығын, соған сәйкес олардың тарихи кезеңдерде қоныстанған аймақтарын зерттеу барысында нақты анықтап, деректер кешенін салыстыра отырып, тұжырымдарын шынайы негіздеген.

3-нәтиже. XI ғасырдың бірінші жартысында қоман-қыпшақтарының Еділ-Орал аумағында бұлғар, башқұрт, чуваш және фин-угорлық тайпалармен этно-тарихи ықпалдастыққа түскенін ортағасырлық жазба деректер, қазіргі генетикалық, археологиялық, лингвистикалық және мәдениеттанулық зерттеулер нәтижелері дәлелдеп отыр. Аталған кезеңде қоман-қыпшақтарының әскери-саяси күшінің артуына байланысты аймақта беделді болуына байланысты қыпшақ тілдік тобына жататын түрлі тайпалық бірлестіктердің, соның ішінде қазіргі башқұрт халқының этникалық келбетінің қалыптасуындағы ықпалы шынайы дәйектелген.

4-нәтиже. XI ғасырдың ортасында қоман-қыпшақтары қыпшақ бірлестігінің алдыңғы авангарды ретінде батысқа қоныс аударып, Қырым, солтүстік Кавказ, Оңтүстік орыс далаларын қоныстанған. Дәл осы кезден бастап олар орыс жылнамаларында «половцы», ал батысеуропалық, византиялық деректерде «қоман» атымен танылғаны белгілі. Осы кезеңде қоман-қыпшақтары солтүстік Кавказ жерінде мықты әскери-саяси ықпалға ие болып, қарашай, балқар және құмық сияқты жергілікті халықтардың этникалық қалыптасу тарихында маңызды орын алғаны негізделген және шынайы.

5-нәтиже. XI ғасырдың ортасында Оңтүстік орыс далаларына келген қоман-қыпшақтарының жергілікті халықпен қарым-қатынасы орыс жылнамаларының мәліметі бойынша бір жақты қақтығыстық сипатта зерттеліп келген болатын. Ізденуші ғылыми зерттеулер мен деректер кешенін салыстыра келе, екі халықтың арасындағы байланыстың бастапқыда бейбіт келісіммен басталып, кейіннен геосаяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты қақтығыстық сипат алғанын анықтаған. Сондай-ақ, зерттеуде аймақта қоман-қыпшақтарының саяси беделінің жоғары болуымен Ерте орыс мемлекетінің ыдырауы және кейін орыс княздіктерінің бір орталыққа бағыну үдерісінде олардың маңызды рөл атқарғандығы шынайы дәйектеген.

6–нәтиже. XI-XIII ғғ. Шығыс Еуропа жеріндегі саяси оқиғаларға қоман-қыпшақтарының Венгрия және Византиямен одақтас ретінде қатысуы нәтижесінде олардың батысқа көші-қон үдерісі бұдан кейінгі кезеңде де жалғасын тапқаны және олар қоныстанған жаңа жерлерде халықтардың саяси, этникалық тарихына ықпалы болғандығы шынайы негізделген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағида) мен қорытындысының жаңашылдық деңгейі.

1-нәтиже жаңашылдығы жоғары, өйткені VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары пәнаралық байланыстар тұрғысы мен салыстырмалық талдау әдістері негізінде зерттелген кешенді зерттеу болып табылады.

2-нәтиже жаңа, себебі диссертациялық жұмыста қоман-қыпшақтарының батысқа көші-қон үдерісі, этникааралық байланыстардың табиғаты туралы теориялық ұстанымдарды талдау негізінде аталған этникалық бірлестіктің қоныс аударуының себебі мен қоныстанған аумақтары жүйелі түрде нақтыланған.

3-нәтиже салыстырмалы жаңа, өйткені ізденуші генетик ғалымдар зерттеулерінің нәтижелері, жазбаша деректер, халық ауыз әдебиеті үлгілері және т.б. деректерді салыстыра талдау негізінде қоман-қыпшақтарының Еділ-Орал аумағын қоныстанған бұлғар қауымдастығымен байланысын, башқұрт халқының этникалық келбетінің қалыптасуына ықпалын анықтаған.

4-нәтиже жаңа, себебі ғылыми зерттеулер мен ортағасырлық жазба деректерді қосымша деректермен салыстыра отырып талдау негізінде қоман-қыпшақтарының Солтүстік Кавказ халықтарымен (алан, адыгей, қарашай, балқар, қарайым, құмық) этно-тарихи байланыстарына жаңаша баға берген.

5-нәтиже салыстырмалы жаңа, өйткені бұған дейін қыпшақ тайпалық бірлестіктерінің Киев Русімен қарым-қатынасы зерттеулерде біршама қарастырылған болатын, бірақ бұл еңбектерде екі халықтың арасындағы байланыс біржақты қақтығыстық сипатта қарастырылып келген болатын. Ізденуші диссертациялық жұмысында екі халықтың арасында саяси және мәдени ықпалдастықтардың болғанын жаңа ғылыми зерттеулер мен деректер кешенін салыстыру арқылы дәйектеген.

6-нәтиже салыстырмалы жаңа болып табылады, себебі қоман-қыпшақтарының Оңтүстік Орал жерлерін қоныстанған кезеңі мен XII ғасырлардағы Венгрия Королдігі аумағындағы венгрлермен этникалық, мәдени ықпалдастықтың орын алғанын ғылыми зерттеулер мен деректер кешенін салыстыра отырып анықтаған.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

А.Сагинаеваның докторлық диссертациялық жұмысында қол жеткізген ғылыми нәтижелерін, тұжырымдарын орта ғасырлардағы түркі халықтарының қарым-қатынасы тарихын, этникааралық байланыстарды, отырықшы және көшпелі халықтар ықпалдастығы мәселелерін қарастырған зерттеулерде қолдануға болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен түйіндері 14 мақалада жарияланып жарық көрген, атап айтқанда 7 мақала - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдарда, 6 мақала отандық және шетелдегі халықаралық ғылыми конференция материалдарында,

1 мақала Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда жарияланған.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Докторанттың диссертациялық жұмысын құрылымдық жағынан, тараулардың ішкі бірлігінің сақталғандығымен, мазмұны, нәтижелерінің ғылыми және тәжірибелік маңыздылығымен аяқталған зерттеу жұмысы деп есептеуге болады. Зерттеу жұмысының негізделуі мен деректері жеткілікті.

Диссертацияда ұсынылған нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар өзара байланысты. Диссертациялық зерттеуге қойылатын мақсат пен міндеттерге, ғылыми талаптарға сәйкес мазмұны аяқталған жұмыс деп есептейміз.

Дисертациялық жұмыстың ғылыми құндылығын бағалай келе, болашақта ескерсе деген оймен келесідей кемшіліктер мен ұсыныстарымыз бар:

1. Диссертант қоман-қыпшақтардың түркі дәуірімен байланысты биік қорымдар мен тас мүсіндер тұрғызу дәстүрін дұрыс анықтап көрсете білген. Дегенмен, бұл жұмыс қыпшақ тарихының кейінгі кезеңіне қатысты болғандықтан онда түркі халықтарының байырғы фольклорлық мұралары мен Орхон-Енисей ескерткіштерінің тарихи-лексикалық дерек қорларының мәліметтері аздау көрінді. Алдағы уақытта ізденушінің бұларды өзінің зерттеулерінде мүмкіндігінше кең пайдаланғаны жөн деп ойлаймыз.

2. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген қыпшақ тарихына байланысты Қытай деректерін және Су Бэйхай секілді ғалымдардың ғұн, алан, қыпшақ және моңғол тарихына қатысты пікірлерін пайдаланғанда тіптен оң болар еді.

Дегенмен, жоғарыда аталған ұсыныстар мен кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған А.Н. Сагинаеваның диссертациялық жұмысының маңыздылығы мен құндылығын төмендетпейді. Бұл ұсыныстарды келешекте жаңа ғылыми ізденістерге бастама ретінде қабылдағаны дұрыс.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдар болсақ, Сагинаева Айнагуль Нургалиевнаның «VIII - XIII ғасырлардағы қоман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» тақырыбында жазылған диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің талаптарына сай келетін, дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар аяқталған жұмыс деп есептей келе, ізденуші 6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
Л.Н. Гумилев атындағы
Евразия Ұлттық университетінің
профессоры, т.ғ.д. **Т.З. Қайыркен**

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«____» _____ 20____ г.

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
Ғалым хатшы _____ Ж. Нурманова